

"Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы ұйымдарының ауылдық жерде және қала үлгісіндегі кенттерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу мөлшерін белгілеу туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылғы 7 қазандағы № 5-9 шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облыстық мәслихатының 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 2-9 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 24 сәуірде № 4999 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Жамбыл облысының мәслихаты ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы ұйымдарының ауылдық жерде және қала үлгісіндегі кенттерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу мөлшерін белгілеу туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылғы 7 қазандағы № 5-9 шешімнің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3199 болып тіркелді) күшін жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау сегізінші шақырылған облыстық мәслихаттың салалар, жастар ісі, құқықтық тәртіп және қоғамдық ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл облыстық
мәслихатының төрағасы*

А. Нуралиев